

Аңдатпа

Дипломдық жұмысты жобалауға берілген мәліметтер бойынша үш фазалы синхронды қозғалтқышты жобалау жүргізілді.

Жобалау жұмысында синхронды машиналар туралы жалпы мағұлыматтар жасалды, үлкен қуатты синхронды машиналардың құрылымдарының ерекшеліктері жөнінде шолу жұмыстары орындалды. Және бұл машиналардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы мәліметтер келтірілді.

Қуаты 560 кВт, 6000 В кернеу көзінен қоректенетін синхронды қозғалтқыштың демпферлік орамасы, магнит тізбегі есептелді. Магнит тізбегін есептеу нәтижелері бойынша оның магниттік сипаттамасының графигі сызылды. Өтпелі үрдіс есептеліп уақыт тұрақтысы анықталды. Қозғалтқыштың шығындары мен ПӘК есептелді.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде синхронды қозғалтқышты қорғанысты жерге тұйықтау және нөлдеу мәселелері қарастырылды. Экономикалық бөлімде капиталдық салымдар мен материалдық шығындар есептелді.